

Фильмге прокаттау куәлігінің нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2019 жылғы 1 сәуірдегі № 82 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 8 сәуірде № 18473 болып тіркелді

"Кинематография туралы" 2019 жылғы 3 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 3-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес фильмге прокаттау куәлігінің нысаны бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет және өнер істері департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;
 - 3) осы бұйрық қолданысқа енгізілгеннен кейін күнтізбелік екі күн ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;
 - 4) осы тармақпен көзделген іс-шара орындалғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шараның орындалуы туралы мәлімет ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрі

А. Мұхамедидұлы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, қорғаныс
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігі

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт
министрінің

Фильмге прокаттау куәлігі

Фильмнің атауы: _____

Өндіруші ел: _____

Өндіруші студия: _____

Өндіріс жылы: _____

Фильмнің форматы: _____

Фильмнің хронометражы: _____

Сценарий авторы (лары) : _____

Қоюшы режиссер (лер): _____

Қоюшы оператор(лар): _____

Қоюшы суретші (лер): _____

Музыкалық шығарманың авторы (лары): _____

Продюсер (лер): _____

Фильм серияларының саны: _____

Фильмнің жанры: _____

Фильм тілі: _____

Дубляж немесе субтитр, не кадр сыртындағы аударманың болуы
(прокатталуы шектеулі фильмдерді, прокатталуы және көрсетілуі телеарналарда
жүзеге

асырылатын фильмдерді қоспағанда): _____

— Түрі: _____

— Фильмге құқық _____ тиесілі: _____

— Фильмді пайдалану құқығының санаты: _____

— Фильмді пайдалану құқықтарының қолданылу мерзімі: _____ бастап, дейін: _____

— Жас санаты белгісі: _____

— _____
— _____
— _____
(уәкілетті тұлғаның тегі және аты-жөні)

Уәкілетті тұлғаның электрондық қолы